

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ұлы даланың ұлы есімдері

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.05.2021СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/96204/

Түркістан облысы

Арыс қаласы

С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектебі

Бастауыш сынып мұғалімі

Алтынбекова Гульнара Утебаевна

Тәрбие сағатының тақырыбы: «Ұлы даланың ұлы есімдері»

Мақсаты: Жас ұрпаққа қазақ халқының тарихында өшпестей орын алған қазақ зиялылары туралы мағлұматтар беру, олардың есімдерін қастерлеп, құрметтеуге, Отаншылдық сезімге, елжандылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақтың ұлы тұлғаларының портреттері, нақыл сөздер.

Тәрбиесағатыныңбарысы:

1. Кіріспе (мұғалімсөзі)

Өткен ғасырқазақ халқының тарихында ұлы оқиғалармен есте қалды. Солоқифалардың ішінде «мыңөліп, мыңтірілген» халқымыздың басынан өткен 1930-1938 жылдар ауыр да азапты кезең болды.

Өркениетті қоғамға қадам басқан еліміз үшін ел басынан өткен ауыр нәубет жылдардың оқиғаларынан сабақ алу – ұлтымыздың парызы, бұл жағдай ел тарихында мәңгілікке сақталады. Еліміз ауыр кезеңдерді басынан өткерді.

Бүгінгі сынып сағатымыздың мақсаты сол уақытқа тәуелсіз ел ұрпағының көзімен баға беру, ұлы есімдерді ұмытпау, оларды мәңгі құрметтеп өту.

Тарихтың беттерінен:

1 Жүргізуші:

Өлкелік басшылыққа келген Ф.Голощекин «ауылды кеңестендіру» ұранымен Қазақстанда «жаңа революция» жасамақшы болды.

Наразы болған Тұрар Рысқұлов, Смағұл Сәдуақасов, С.Сейфуллин т.б. ұлтымыздың зиялыларын «ұлтшыл» деп айыптап, қуғынға ұшыратты.

2 Жүргізуші:

Жер-жерде кедейлер мен орта шаруаларды орынсыз соттау, шаруалардың малын жәнсіз кәмпескелеу, меншік құқығынан айыру, тұрақты тұратын жерінен күштеп көшіру орын алды.

1 Жүргізуші:

Республикадағы 6,2 млн тұрғынның 1931-1933 жылдары аштықтан 2,1млн қырылды, оның ішінде келімсек халықтың 0,4 млн адам шығыны болды.

2 Жүргізуші:

1937-1938 жылдарда кеңес өкметін орнату мен нығайтуға қатысқан «Алаш» партиясының көрнекті қайраткерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы жазаға ұшырап, «халық жауы» деп қудаланды.

1 Жүргізуші:

Жаңа қазақ әдебиетінің негізін салушылар Ш.Құдайбердіұлы, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Жұмабаев, М.Дулатов жазаға ұшырап өлтірілді.

Слайд арқылы ұлы тұлғалардың нақыл сөздерін ұғындыру.

Ә.Бөкейханов

А.Байтұрсынұлы

М.Дулатұлы

Ш.Құдайбердіұлы

М.Жұмабаев

С.Сейфуллин

І.Жансүгіров

Б.Майлин

1 Жүргізуші:

Қазақстанда 101 мың адам репрессияға ұшырады, кеш те болса қазір олардың бәрі

ақталды.

Енді бізге қайта оралды заңғарлар

Сталиндік тозақтарда жанғандар

Ахметтер, Жүсіпбектер, Сәкендер

Ілиястар, Бейімбеттер, Мағжандар

2 Жүргізуші:

Өзіңдікі елің де, өзіңдікі жерің де

Өзіңді өзің еткен бақ

Тәуелсіздік төрінде

Өзіңдікітуың да, от пен ауасуың да

Жаса, Қазақстаным, белдібекембуын да!

1Жүргізуші:

Атыңнайналайынегемен ел

Тәуелсізкүніңтудыкенелебер

Мерейіңқұттыболсынтәуелсіздік

Ғасырдыңтойыболшыкелеберер

2Жүргізуші:

Тәуелсіз ел Қазақстантұғырым

Жарқыратқаннұрлыөміршырағым

Көкбайрағымеркіндіктіпашетіп

Қыранқанаткөккесамғаржырәнім

«Отаным-Қазақстан» әніорындалады.

Қорытынды: Сұрақ- жауап -Ұлы даланың ұлы есімдері кімдер?

-Үш бәйтерек, бес арыс атанған қазақтың зиалыларын ата.

еңбегі қандай?

-Олардың халқымыз үшін сіңірген

«Ұлы даланың ұлы есімдері» тәрбие сағатына анықтама

12.03.2021 3 «б» сыныбында «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты тәрбие сағаты оздырылды. **Мақсаты:** Жас ұрпаққа қазақ халқының тарихында өшпестей орын алған қазақ зиялылары туралы мағлұматтар беру, олардың есімдерін қастерлеп, құрметтеуге, Отаншылдық сезімге, елжандылыққа тәрбиелеу.

Тәрбие сағатында тақтаға Қазақтың ұлы тұлғаларының портреттері, нақыл сөздері ілініп, қазақ халқымыз үшін сіңірген еңбегі баяндалды. Сынып оқушылары қазақтың бес арысы, үш бәйтерегі туралы, қазақ халқының көкірегі ояу, көзі ашық болуын қалап, жан қиярлық тер төккен, жазықсыз қамауға алынып, репрессияға ұшыраған ұлы тұлғалар туралы танып, білді.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.